

*ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Физика-математика кафедрасы*

*«Билік-саяси феномен  
ретінде»*

*Орындаған: Тасболатов Жұлдызхан, Тоғызалы Азамат*

*Қабылдаған: Қылышбаев Арман*

Шымкент 2018ж



*Жоспар:*

*1. Саяси билік түсінігі, ғылыми анықтамалары және белгілері.*

*2. Саяси биліктің қайнар көздері, ресурстары және ерекшеліктері мен қасиеттері*

*3. Саяси биліктің легитимділігі және билік бөліну принциптері*



Қоғамдағы саяси саланың қызметі билікпен байланысты. Билік саясаттың ең өзекті мәселелерінің бірі және саяси ғылымның негізгі зерттеу пәні болып есептеледі.

Билік әрқашанда жалпыға бірдей үміттену, дәмелену объектісі болған. Ол адамзат пайда болғаннан бері бар дүние. Оның қажеттілігі туралы ертедегі грек ойшылдары айта бастаған. Биліктің қажеттілігі:

1) Адамдардың әр кезде, барлық жағдайда өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін.

2) Қоғамдық қатынастардың негізі болып келетін қоғамдық ережелерді бекіту үшін.

3) Қоғамдағы шаруашылық қызметін атқару үшін қажет.

Билік ұғымы саяси ғылыми әдебиеттерде әр түрлі жағынан түсіндіріледі. Билік туралы түсінік күнделікті өмірде ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылады. Мысалы, философтар ол туралы қоғамдық биліктің объективті заңдылығы. Социологтар әлеуметтік билік, экономистер шаруашылық билік, саясаттанушылар саяси билік, жаратылыстанушылар табиғатқа деген билік, психологтар адамның өзіне деген билік, ата-аналар отбасы билігі туралы айтады.

Сонымен қатар құқық атқарушы және заң биліктері туралы түсініктер де бар.



*Қазіргі саяси ғылым әдебиеттерде биліктің 5 анықтамасы кездеседі:*

*1. Бихевиористік анықтама бойынша билік бір адамның басқа адамның мінез-құлқына әсер етуші мүмкіндігіне негізделген ерекше мінез-құлық деп түсіндіріледі.*

*2. Телеологиялық анықтамада — билік алға қойған мақсатқа сәйкес белгілі бір нәтижеге жетудің амалы дегенді білдіреді.*

*3. Инструменталистік анықтама бойынша — билік белгілі шаралар қолдану құралы ретінде қарастырылады. Мысалы: зорлық, күштеу, т.б.*

*4. Структуралистік анықтамада — билік басқарушылар мен бағынушылар арасындағы айрықша бір қатынастың көрінісі ретінде түсіндіріледі. Яғни ол біреулердің екінші біреулерге ықпал жасауы.*

*5. Конфликттік анықтама бойынша қоғамдағы игіліктерді даулы жағдайларды бөлісу, үйлестіру, құрастыру амалдары ретінде түсіндіріледі.*



**Жалпы алғанда билік дегеніміз** қоғамдағы тап, әлеуметтік топ, мемлекет, жеке адам т.б. субъектілердің тарапынан өзіндік ерік-жігерді іске асырудағы қабілеттіліктермен пайдалана отырып, адамдардың қызметі мен мінез-құлқына бедел күштеу құралдары арқылы әсер ету деп түсінуге болады.

Қазіргі саяси ғылыми әдебиеттерде кеңінен белгілі Саймон деген американдық саясаттанушының билік туралы пікірі таралған. Ол билікті былай деп түсінген «егер «В-ның» мінез-құлқын «А» өз талаптарына бағындыра білсе, онда «В-ның» үстінен «А» билік жүргізеді».

Сонымен, билік барлық ғылыми анықтамаларда адамдардың өз ерік жігерін әр түрлі (бедел, заң, күштеу) әр түрлі құралдары арқылы іске асыру тәсілі мен мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі.

Қоғамдық қатынаста биліктің пайда болуы мен жүзеге асырылуына төмендегі бөлшектердің болуы шарт: 1. Кем дегенде билік қатынасының жеке адамда немесе топтан тұратын екі өкілі болуы керек. 2. Билікті жүзеге асыру үшін оған бағынбаған жағдайда жазалау шараларын қолданатындығы жөніндегі басқарушының бұйрығы болуы тиіс. 3. Билікті жүзеге асырушыға билігі жүретін адамдардың бағынуы керек. 4. Бұйрықты берушінің оған құқы бар екендігін айқындайтын қоғамдық ережелердің болуы тиіс. Ол бұл бұйрықтың кімге қатынасты болса, биліктің жүргізушіге бағынуға міндеттілігін айқындауға тиіс.

Сонымен, саяси билік деп қоғамдағы адамдардың, не сол адамдардан құрылатын әр түрлі әлеуметтік және институционалдық субъектілердің іс-әрекетінің бағытына, сипатына және мінез-құлқына экономикалық, идеологиялық т.б. механизмдер арқылы ықпал ету, қабілет пен мүмкіндік.

Биліктің мәні оның көріністері арқылы белгіленеді — ол: басшылық, үстемдік, бағындыру, бақылау, ұйымдастыру, қадағалау. Осы тұрғыдан алғанда билік-әлеуметтік түрлерді іске асыру құралы да болалады.



## Биліктің белгілері:

1) Қоғамдық өмірді реттеушілік монополиялығы;  
2) Қоғамға және жеке адамға мәжбүрлеу етудің мүмкіндігі;  
3) Үстемдік ықпалының басымдылығы;  
4) Билік басқарушылық аппаратының болуы.  
Билік күрделі қоғамдық құбылыс. Оның құрылымдық бөлшектері мыналар болып табылады:

1) үстемдік мүдде,  
2) осы мүддені танытатын ерік,  
3) мүддені іске асыруды қамтамасыз ететін құралдар. Оның өзінің қайнар көздері мен жүзеге асу құралдары бар.





*Билік мынандай қайнар көздерге негізделеді — күш, байлық, статус, ұйым, білім мен ақпарат.*

*Саяси биліктің қоғамда жүзеге асуында әр түрлі құралдарды қамтамасыз етіп, пайдаланады. Ғылыми әдебиеттерде олар биліктің ресурстары деп аталады. Биліктің ресурстарын жалпы мынандай түрлерге бөлуге болады:*

- экономикалық (материалдық қажеттіліктер)*
- әлеуметтік (статусты өзгертуге арналған құралдар)*
- күш ресурстары (әскер, қару жарақ, полиция)*
- ақпараттық (білім және ақпараттық құралдар)*
- демографиялық (адам- ең негізгі әлеуметтік құрал).*

*Осы ресурстардың ішінде қазіргі уақытта Э.Тоффлердің пікірінше білім мен ақпараттық құралдар билік ресурстарының әлемде ерекше маңызға ие бола бастады.*

*Саяси биліктің өз ерекшеліктері бар. Біріншіден — ол адамдардың үлкен тобының мүддесін қорғайды, ол топтың қоғам экономикасындағы рөлі басым болады да, қоғам сол топ мүддесі тұрғысынан басқарылады.*

*Екіншіден — қоғамдағы басшылық көбінесе сол топ өкілдерінің қатысуымен мемлекет арқылы, қоғамдық-саяси ұйымдар мен саяси көсемдер арқылы жүргізіледі. Үшіншіден — саяси биліктің арнайы басқару ісімен шұғылданытын ерекше кәсіби топтардың болуы.*

*Саяси биліктің қасиеттерінің бірі — оның ең жоғарғы, басты айқындаушы, шешуші күш ретіндегі ықпалы. Екінші қасиет- биліктің иерархиялық сипат алуы. Келесі қасиет- үстемдікті шоғырландыруға және монополизациялауға ұмтылу.*







# БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМ ТІРЕГІ

Еркін ӘБДІЛ,  
"Астана Қаламасы"

Қазақстан халқының "Билік пен халық арасындағы үйлесімділік" ұранымен біздің еліміздегі бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтің ұранымен қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Алайда бұл жерде ұйымдар мен жеке адамдар арасындағы үйлесімділік қажеттіліктерімізді білдірді.

рланды жүзеге асыратын билік пен халық арасындағы үйлесімділік ұранымен біздің еліміздегі бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.

— Бірінші қауымдастық конференциясы өтті. Оған әртүрлі деңгейдегі ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар қатысты. Жалғыз ойлау емес, бірігіп ойлау қажеттіліктерімізді білдірді.





Саяси билік қоғамда көбінесе мемлекеттік билік арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік билік саяси биліктің бір түрі. Оның ерекшеліктері:

- 1) Ол белгілі бір территориясында ерекше аппарат арқылы жүргізілетін билік.
- 2) Мемлекеттік билік өзінің күштеу аппаратына сүйенеді.
- 3) Мемлекеттік билік монополиялық сипат алады.

Қазіргі демократиялық дамыған елдерде саяси биліктің тұрақтылығы оның легитимділігіне байланысты. Биліктің легитимділігі деп оның заңдылығын айтады. Бірақ оның тек қана заңға сәйкестілігі емес, сонымен қатар билікті қоғамдағы мүшелердің оны өз еркімен қабылдауы заңы. Ондай кезде қоғамдағы халық берілген билікке өз сенімін білдіреді және өз еркімен оны қабылдайды.

Легитимді биліктің идеалды түрлерін М.Вебер талдаған. Ол легитимді биліктің мынадай 3 түрін ажыратқан: дәстүрлі, харизматикалық, легальды – рационалдық.

Билік бөлу идеясы ең алғашқы рет жаңа дәуірдің кезеңінде ең әйгілі ойшылдар ұсынылған. Бұл идеяны қалыптастырушы 17ғ. ағылшын ойшылы Джон Локк және әрі қарай толық дамытқан 18ғ. француз ойшылы Ш-Л. Монтескье болып табылады. Ол саяси биліктің бөлінуін мемлекеттегі биліктің бір қолда болмауымен және оның үш тармағына бөлінуімен түсіндірген: Заң, Атқарушы, Сот билігі.

Себебі билік бір ғана қолда болса, шектелмесе, өзі заң шығарса, жүзеге асырса және оның жүзеге асуын қадағаласа, онда ондай билік тиранияға айналады, ауысады. Сондықтан қоғамдағы билік жүргізу жағдайында билік тек қана бір органның қолында болуы мүмкін емес және де халық билікті өзі жүргізе алмайды.





## Биліктің шығу тегі мен функциялары

Ең алдымен ескерер жайт, билік пен басқару белсенді, ынталы, үстемдік етуші субъект мен салыстырмалы тұрғыда белсенді емес, бағынышты субъектінің арасындағы субъект-субъектілік қатынастардың нәтижесінде пайда болады. Бағынышты тарап биліктік қатынастарда билік ықпалының объектісі болады. Бірақ биліктік қатынастың қай жағы болмасын өз мүдделері мен құқықтары бар шынайы, әрекетшіл субъектілер болып табылатындықтан олардың арасындағы биліктік қатынастар өзара келісім жағдайында ғана пайда болып, тиімді қызмет етуі мүмкін.

Биліктік қатынастардың ерекше проблемасы билік құрушы субъектінің басқару құқығына келіп тіреледі: неге осы субъект билік құру құқығына ие және неге бағыныштылар, одан келетін биліктік импульстерді әрқилы дәрежеде қабылдап, орындауға міндетті. Саяси ойлар тарихында бұл проблема әрдайым назарда болған және солай болып қала береді де. Өйткені, биліктік қатынастар субъект-субъектілік қатынас ретінде субъективті және ситуативті болғандықтан белгілі бір тұрақсыздықпен сипатталады. Осындағы тағы бір ескеретін жайт, өркениет тарихында биліктік қатынастар әр түрлі әлеуметтік негіздерге, әр түрлі тарихи тамырларға ие. Олар мынадай жағдайлармен қалыптасты:

1. Адамдар қауымдастығының табиғи тарихи дамуының, оның құрылымдануының, басқару функцияларының күрделенуінің нәтижесінде жолға қойылды. Афины мемлекеті мұндай дамудың классикалық мысалы бола алады. Афины демократиясының идеологы Аристотель — отбасын, адамдар қонысын, мемлекетті ең жоғарғы сатысында мемлекеттік билік пайда болатын әлеуметтіліктің даму сатылары деп кездейсоқ есептемеген.
2. Соғыстың, зорлық-зомбылықтың, басып алудың нәтижесінде қалыптасқан билік бағындырудың, тікелей мәжбүрлеудің құралы болды. Бұған *спартандықтар* мен *лоттар* арасындағы биліктік қатынастар мысал бола алады. Илот қоныстарына әрдайым үрей, шабуыл қатерін төндіре отырып, оларды қырып-жою *партандықтардың* билік құруының құралы еді.
3. Қоғамның әлеуметтік жауласушы күштерге бөлінуі және сословиелік таптық диктатураның орнауы нәтижесінде қалыптасты. Билік құрудың осы ерекшелігін мемлекетті үстем тап қолындағы сойыл ретінде қарастыратын марксизм идеологиясынан көруге болады. Саяси революциялар таптық диктатураның уысуымен байланыстырылады. Марксисттердің көзқарасы бойынша, соңғы саяси революция адамдарды қанау және таптық үстемдіктің құралы ретіндегі мемлекет болмайтын тапсыз қоғамға жол ашатын пролетариат диктатурасының орнауына алып келеді.



Билікке кұқық сондай-ақ басқарушылардың қолында әрқилы билік көздерінің болуымен де қамтамасыз етіледі, бұлар:

1. Экономикалық. Билік құрушының экономикалық ресурстарға ие болу және басқару кұқығы. Бұл меншікке ие болу, оны басқару, экономикалық ресурстарды бөлу, экономикалық көтермелеу мен жазалау кұқығы. Сондықтан да, экономикалық тұрғыдан үстем сословиелер, таптар, экономикалық элита билік органдарында берік позицияларды иеленеді.
2. Идеократтық. Идеология бұқара халыққа биліктің ықпал етуінің құралы ретінде пайдаланылады. Бұқара санасының жанды жерлерін идеологиялық тұрғыдан өңдеу, оларға назар аудару, осы проблемаларды өз мақсатына пайдалану үшін идеялықтеориялық кестені қалыптастыру және бұқараның осыған тиісті мінез-құлқын дағдыландыру — биліктің осы көзінің қызметіне жатады. Дін мен шіркеу биліктің аса күшті идеократтық көзі болды. Осы қайнар көздің негізінде клерикалды саяси қозғалыстар, клерикалдық, теократиялық билік пайда болды. Биліктің аса күшті идеократтық көздеріне өзгеше ойлауды кудалау мен идеялық қысым көрсету тән болған фашизм, национал-социализм, коммунизм секілді тоталитарлық режимдер ие болды.
3. Ақпараттық. Қазіргі таңда БАҚ-тарға ие болу және басқару бұқаралық санаға тікелей немесе жанама әсер етудің құралдарына айналуға бастады. БАҚ саяси басымдықтарды анықтап, адамдардың әуестіктерін қалыптастырып, оларды саяси жағдайға бағыттап бұқара санасын манипуляциялауы мүмкін. Қазіргі саяси тәжірибе көрсетіп отырғандай, кім БАҚ-қа ие болса, сол бұқараның көңіл-күйі мен жүріс-тұрысына өте күшті әсерін тигізеді. Ақпарат виртуалдық шынайылықты қалыптастырып не бұқараны тыныштандырады, не керісінше дүрліктіреді.
4. Авторитарлық. Билік субъектісінің беделінен туындайтын билік көзі. Бедел мәжбүрлемей, күштемей бағындырудың құралы ретінде кез келген билікке қажетті. Авторитаризм, авторитарлық — билік органдарының белгілі бір құрылымдарына, билікті жүзеге асырудың өзіндік өдістеріне ие билік құрудың ерекше формасы.
5. Харизматикалық. Харизма (гр.сөзі charisma — құдай берген қабілет) — билік функциясын орындау үшін оны иеленуші субъектінің бойындағы ерекше икемділіктің, қабілеттің бар болуы. Харизма — бұқаралық сананың құбылысы. Бұқара халық қана лидерде харизматикалық қасиеттердің бар екенін танып, оны билік тұғырына көтереді, оған табынады әрі бағынады. Алайда биліктің бұл көзі мәңгілік емес. Психологиялық. Билік құру жинақталған іс-әрекет болғандықтан билеушілердің де, бағынушылардың да психологиялық қабылдауының ерекшеліктерін қалыптастыратын психологиялық негіздерге ие екендігі сөзсіз. Сондықтан қоғамдағы бір адамдарда басқаруға, лидерлікке, билік құруға деген табиғи психофизиологиялық қабілет дамыса, оған керісінше, басқаларында бағыну, бас ию сияқты қасиеттер басым болады. Дегенмен, индивидтерді бұлай бөлу принципті тұрғыда дұрыс емес, себебі ол адамзат тұлғасының тұтастығына, оның өзіндік ерекшелігіне, қасиеттеріне нұқсан келтіреді. Бірақ адамның жүріс-тұрысының оның қоғамдық мәртебесіне сөйкес болмауы өте жиі кездесетін құбылыс. Адамның гендік құрылымында агрессивтілік, үстемдікке, басшылыққа ұмтылу сияқты қасиеттер болуы мүмкін, ол мәселен, күнделікті өмірде ол адамның мінез-құлқындағы девиацияға (кейінгі лат. *Deviatio* — нормадан ауытқу) соқтырса, ал саясатта билікке ұмтылу ретінде жүзеге асады.
6. Күштеу. Биліктің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі — мәжбүрлеу оның қоғамда күштік көзінің бар екендігін көрсетеді. Бұл бағынушыға қатынаста күш көрсету, мәжбүрлеу акцияларының әрқилы формалары. Алайда, өркениеттің дамуымен күштеп мәжбүрлеу тек мемлекеттік биліктің атрибуттық белгісі болып саналады. Формальды-бюрократиялық. Өркениеттің дамуымен биліктің киелілігі (ақральдылығы) жоғалып кетеді де, биліктік іс-әрекеттің рутинизациялануы пайда болады.



Билік функциялары оның әлеуметтік қажеттілігі мен мәнін бейнелейді. Бұл тарауда біз билік ұғымын жалпы қарастырып отырғандықтан, биліктің төмендегідей функцияларын бөліп көрсетуге болады:

1. Ұйымдастырушылық функциясы. Билік адамдар қауымдастығын белгілі бір тұтастыққа ұйымдастырады. Ол осы қауымдастық өзінің тіршілік әрекетін іске асыратын әлеуметтік кеңістікті қалыптастырып, қауымдастық агенттері арасындағы әлеуметтік қатынастардың дамуы мен олардың қажеттіліктерінің қанағаттануына қолғабыс етеді.
2. Идеологиялық функция. Адамдардың тіршілік етуі саналы процесс болғандықтан, билік бірігіп тіршілік етудің керек екенін және қауымдастықта тәртіпті сақтаудың, оның тіршілік әрекетінің перспективаларын айқындаудың мәнін теориялық тұрғыда негіздейді. Адамдар қауымдастығында іргелілігі мен қажеттілігіне орай билік бағалайтын саяси құндылықтар бар.
3. Мәжбүрлеу, көндіру функциясы. Биліктің бұл функциясы "агрессивтілігімен" сипатталады, ол мақсатты және бағынушыдан белгілі бір реакцияны талап етеді, өзінің еркін таңа отырып, шектеулер қою арқылы оның жүрістүрысын нормалайды. Мәжбүрлеу, көндіру үшін билік жазалау, сондай-ақ марапаттау сияқты ықпал ету құралдарын пайдаланады.
4. Келісім функциясы. Бұл функция биліктің маңызды функцияларының бірі. Билік төреші рөлін орындай отырып, дербес орган ретінде субъект-субъектілік қатынастар жүйесінде әрекет етеді.
5. Басқару функциясы. Бұл функция біріктіруші сипатқа ие. Ол белгілі бір дәрежеде жоғарыда аталып өткен функциялардың барлығын қамтығанымен, олардың бірдебіреуіне жатпайды. Олар тұтастай басқару процесінің сәттері, тараптары ретінде байқалады. Билік — басқарудың өзегі, басқару жауапкершілігін көтеретін оның белсенді әрі әрекетшіл бастамасы.



Әскерилер билігі. Армия саласы мен күштік құрылымдардағы әскерилердің билігін қоғамдағы әскери биліктен айырып алғанымыз жөн. Армия, күштік құрылымдар төтенше жағдайларда ғана әрекет ету үшін бағытталғандықтан биліктік импульстар жоғарыдан келеді, олар ешқандай талқылауға жатпайды және сөзсіз орындалуға тиісті. Армия жасақталу тәсілі, әлеуметтік міндеттері бойынша демократияға қызмет етуі мүмкін бола тұрса да, өзінің құрылымы, қызметі, өз әрекетінің кеңістігі бойынша демократиялық мекеме бола алмайды. Бірақ белгілі бір дағдарыс жағдайларында әскери басшылық тәртіп орнату және дағдарыстан шығу мақсатында билікті өз қолына алуы мүмкін. Бұл жағдайда олар билік құралы ретінде өздерінің төл әдістері мен ұйымдық құрылымдарын қолдануы мүмкін. Билік органдары мен құрылымдарында саясат биліктік әсер етудің негізі, қозғаушы күші мен шешуші құралы болғандықтан, билік пен саясат бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Осы ерекшелікті белгілеу үшін саяси билік термині қолданылады. Бұл мемлекеттік билік, қоғамдық ұйымдар мен партиялардағы билік.

Саясат — адамдар бұқарасының жүріс-тұрыстарына ықпалын жүргізу, манипуляциялау, сондықтан саяси билік, ең алдымен, биліктік әсер етудің объектісі ретінде ерекшеленеді, яғни адамдардың аса үлкен бұқарасын қамтып, биліктік әсер етудің әрқилы құралдарын пайдаланады. Саясатта адамдардың шынайы мүдделері жинақталған, шоғырланған формада болса, саяси билік мейлінше басым сипатта болады. Ол мемлекет пен мемлекеттік билікті, мемлекеттік билікті қалыптастыруға қатыстыру мен оған қысым көрсету жолымен пайдалануға ұмтылады. Яғни адамдардың үлкен бұқарасының әрекетін біріктіруге және олардың бірлігін қамтамасыз етуге ұмтылу, саяси шешімдердің үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік билікке әр түрлі жолмен қысым көрсету — саяси биліктің өзіне тән ерекшеліктері. Билікті жіктеген кезде қоғамда ашық, заңды билікпен қатар жасырып, заңсыз, мафиялық биліктің бар екендігін ескере кеткеніміз абзал. Өйткені қоғамдық өмір көп қатпарлы, онда өзінің биліктік қатынастарын қалыптастырып, әрекет ететін жасырын тұстар да бар. Мафиялық биліктің іс-әрекеті деструктивтік сипатта болғандықтан, қоғам мен мемлекет оның мемлекеттік тіркеуден өтуін, іс-әрекетінің заңдастыруын, құқықтық нормаларға бағынуын талап ете отырып, онымен күрес жүргізуге мәжбүр. Жасырын мафиялық билік мемлекеттің бақылауында болмайтын құрылымданған жүйе.